

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық және өзге есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 10 ақпанда № 13042 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 31 шілдедегі № 1192 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 31.07.2018 № 1192 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрық 01.03.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабының 4) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық және өзге есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануы тиіс және 2016 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

29 қаңтардағы 2016 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің

төраға міндетін атқарушысы

\_\_\_\_\_ Б. Иманалиев

29 қаңтардағы 2016 жыл

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2016 жылы 28 қаңтардағы  
№ 48 бұйрығымен  
бекітілді

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"**

**коммерциялық емес**

**акционерлік қоғамының ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе)**

**олардың**

**құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы**

**статистикалық**

**және өзге есептілікті ұсыну қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 489 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық және өзге де есептілікті ұсыну қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар "Мемлекеттік корпорацияның құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" және "Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" статистикалық ақпаратының (бұдан әрі – ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат) ұсыну тәртібін анықтайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:

1) есептік кезең – Мемлекеттік корпорацияның құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу және ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің көрсеткіштерін ғимараттарды құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат нысанында көрсетілген күнтізбелік (уақытша) мерзім;

2) ЖМТ МДК – Жылжымайтын мүлік тіркелімі мемлекеттік деректер қоры;

3) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат-Мемлекеттік корпорация филиалдарының құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу және ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың

құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәлімет;

4) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат нысаны - Мемлекеттік корпорация филиалдарының құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізумен және ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қараумен байланысты қызметі көрсеткіштерінің жүйесі;

5) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның құрамына кіретін, оның құзыретіне жатқызылған мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асырушы заңды тұлғалар;

## **2-тарау. Құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпаратты ұсыну тәртібі**

4. Құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат көрсеткіштері бастапқы есеп көздерінен (тіркеуге түскен өтініштер есебінің кітабы, ЖМТ МДҚ ) алынған тиісті сандық деректерді іріктеу арқылы, кейіннен оларды құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат нысандары бағандары бойынша көрсете отырып қалыптастырылады.

5. Деректер ағымдағы жылдың есептік айына бөлініп көрсетіледі.

6. Мемлекеттік корпорацияның құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес 1 нысандарын толтыру арқылы ұсынылады.

7. Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес 2 нысандарын толтыру арқылы ұсынылады.

8. Құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпаратты Мемлекеттік

корпорацияның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары Мемлекеттік корпорацияға ұсынады.

9. Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпарат ай сайын, өсу қорытындысымен есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-не қарай ұсынылады.

10. Құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы статистикалық ақпаратқа Мемлекеттік корпорация филиалының орындаушысы мен басшысы қол қояды.

"Азаматтарға арналған үкімет"  
мемлекеттік корпорацияның  
ғимараттарды, құрылыстарды  
және (немесе) олардың  
құрамдастарын мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
саласындағы статистикалық  
және өзге есептілікті ұсыну  
қағидаларына 1-қосымша  
1 Нысан

**"Мемлекеттік корпорацияның құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер"**

Есепті кезең 20\_\_ ж \_\_\_\_\_ айы.

Индекс: 1. ЖМТТЖҰБ

Мерзімділігі: ай сайын.

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары.

Қайда ұсынылады: Мемлекеттік корпорация.

Ұсыну мерзімі: ай сайын есептік кезеңнен кейінгі келесі айдың 5-ші күніне.

1 Нысан жалғасы

	Көрсетілген қызметтердің саны	
Филиалдың атауы	Мемлекеттік корпорация арқылы құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді енгізу бойынша берілген өтініштерді қабылдау және беру	портал арқылы құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді енгізу бойынша берілген өтініштерді қабылдау және беру

р / с	түсті	енгізілді	Жеке тұлға	Заңды тұлға	Төлем соммасы	қайтару		түсті	енгізілді	Жеке тұлға	Заңды тұлға	Төлем соммасы	қа
						Құжаттар толық емес	өтініш берушінің өтініші бойынша						Құ то ем
1 2	3							4					

Филиалдың атауы

Мекенжай \_\_\_\_\_

Электронды поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының тегі және телефоны \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Басшы

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. болған жағдайда, қолы)

Күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_ жыл М.О.

### **1 нысанды толтыру жөніндегі түсінік**

Нысан былайша толтырылады:

1 бағанда – реттік нөмірі көрсетіледі;

2 бағанда – Мемлекеттік корпорациясының облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдар атауы көрсетіледі;

3 бағанада - Мемлекеттік корпорация арқылы құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу бойынша берілген өтініштерді қабылдау және беру мөлшері көрсетіледі:

1) құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының техникалық және сәйкестендіру мәліметтерін енгізуге түскен өтініштердің саны ;

2) құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне енгізілген ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтер;

3) жеке тұлғар саны;

4) заңды тұлғар саны;

5) техникалық паспортты бергені үшін бюджетке төленген төлем соммасы ( теңге);

6) қайтарылғандар саны (толық емес құжаттар пакеті, арыз берушінің өтініші бойынша).

4 бағанада - портал арқылы құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының техникалық және сәйкестендіру

мәліметтерін енгізу бойынша берілген өтініштерді қабылдау және беру саны көрсетіледі:

1) құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының техникалық және сәйкестендіру мәліметтерін енгізуге түскен өтініштердің саны;

2) құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастарының техникалық және сәйкестендіру мәліметтері;

3) жеке тұлғар саны;

4) заңды тұлғар саны;

5) техникалық паспортты бергені үшін бюджетке төленген төлем соммасы (теңге);

6) қайтарылғандар саны (толық емес құжаттар пакеті, арыз берушінің өтініші бойынша).

5 бағанда – мұрағаттық істерді саны көрсетіледі.

"Азаматтарға арналған үкімет"  
мемлекеттік корпорацияның  
ғимараттарды, құрылыстарды  
және (немесе) олардың  
құрамдастарын мемлекеттік  
техникалық зерттеп-қарау  
саласындағы статистикалық  
және өзге есептілікті ұсыну  
қағидаларына 2-қосымша  
2 Нысан

**"Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе ) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер"**

Есепті кезең 20\_\_ ж \_\_\_\_\_ айы.

Индекс: 2. ЖМТТЖҰБ

Мерзімділігі: ай сайын.

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары.

Қайда ұсынылады: Мемлекеттік корпорация.

Ұсыну мерзімі: ай сайын есептік кезеңнен кейінгі келесі айдың 5-ші күніне.

2 Нысан жалғасы

	Көрсетілген қызметтердің саны

№ р/ с	Филиал атауы	Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспорттарының Мемлекеттік корпорация арқылы беру жөніндегі өтініштерді қабылдау және беру					
		түсті	берілді	жеке тұлғалар	заңды тұлғалар	Төлем соммасы	қайтару Құжаттар толық емес
1	2	3					

Жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттардың электронды үкімет порталы арқылы беру жөніндегі өтініштерді қабылдау және беру					Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық паспорттардың саны түрлері бойынша дайындалған					
түсті	берілді	жеке тұлғалар	заңды тұлғалар	Төлем соммасы	қайтару		Пәтер, жатақханадағы бөлме (2 жұмыс күні)	Тұрғын үйлер, гараждар , тапсыру ( 4 жұмыс күні)	1000 м2 (5 жұмыс күні)	1000 м 2 астам 7 жұмыс күні)
					Құжаттар толық емес	қолжетімділік қамтамасыз етілмеген				
4							5			

<b>Талап етілмеген құжаттар</b>	<b>Мұрағаттық істердің саны</b>
Дайын құжаттарды беру	Барлық санаттағы істер
6	7

Филиалдың атауы \_\_\_\_\_

Мекенжай \_\_\_\_\_

Электронды поштаның мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушының тегі және телефоны \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Басшы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. болған жағдайда, қолы)

Күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл М.О.

## 2 Нысанды толтыру жөніндегі түсінік

Нысан былайша толтырылады:

1 бағанда – реттік нөмірі көрсетіледі;

2 бағанда –Мемлекеттік корпорациясының облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдар атауы көрсетіледі;

3 бағанда – Мемлекеттік корпорация арқылы техникалық паспорттарды қабылдау және өтініш беру нысаны көрсетіледі:

1) техникалық паспорттар беруге түскен өтініштердің саны;

2) берілген техникалық паспорттарды саны;

3) жеке тұлғалар саны;

4) заңды тұлғалар саны;

5) техникалық паспортты бергені үшін төлем сомасы(теңге);

6) қайтарылғандардың саны (құжаттар толық емес, жылжымайтын мүлік нысанына қол жетімділік қамтамасыз етілмеген).

4 бағанда – қабылдау және беру порталы арқылы өтініш берілген техникалық паспорттардың берудің нысаны;

1) техникалық паспорттар беруге түскен өтініштердің саны;

2) берілген техникалық паспорттарды саны;

3) жеке тұлғалар саны;

4) заңды тұлғалар саны;

5) техникалық паспортты бергені үшін төлем сомасы;

6) қайтарылғандардың саны (құжаттар толық емес, жылжымайтын мүлік нысанына қол жетімділік қамтамасыз етілмеген) мөшелері.

5 бағанда – берудің нысаны жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттардың және мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімі өтініш берілген саны түрлері бойынша дайындалған;

1) Пәтер, жатақханадағы бөлме (2 жұмыс күні);

2) Тұрғын үйлер, гараждар, саяжай (4 жұмыс күні);

3) жылжымайтын мүлік объектілері 1000 м2 дейін (6 жұмыс күні);

4) жылжымайтын мүлік объектілері 1000 м2 астам ( 9 жұмыс күні).

6 бағанда – талап етілмеген құжаттар саны көрсетіледі;

7 бағанда – мұрағаттық істерді саны көрсетіледі.